

статье подчеркивается важность применения новых методов обучения иностранным языкам.

Ключевые слова: IELTS, техники, скимминг, сканирование, чтение, навыки, исследование.

Аңдатпа

Әдістерді тиімді таңдау оқытуда үлкен маңызға ие. Әрбір әдіс бойынша оқытатын техниканы таңдау негізінен мұғалімнің әдістемелік принциптеріне байланысты. Оқушыларға жаңа материалды түсіндіруді ұйымдастырған кезде мұғалім оқушыларға ыңғайлы әдістер туралы ойлайды: оқушылардың жасын, олардың тіл үйренуіндегі (оқу кезеңін), олардың интеллектуалды дамуын ескереді. Бұл мақала шет тілдерін оқытудың жаңа әдістерін қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Негізгі сөздер: IELTS, әдістер, скиминг, сканерлеу, оқу, дағдылар, зерттеу.

FTAMP 14.07.09

А.Б.Жалғасова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhalgasova98.98@gmail.com

КӨПТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Берілген мақалада әлемнің жаһандану жағдайындағы бүгінгі Қазақстанның көптілді білім беру мәселесі қарастырылған. Қазақстан әлемдік мәдени кеңістікке енуіне байланысты өз аумағында көптілділікті еңгізуін талап етті. Алайда көптілді білім беруді енгізу мәселесі көп қиындықтар туғызды. Көптілділік заманауи әлемнің басты мәселесін шешуге көмектеседі – адамдар арасындағы үйлесім мен өзара түсіністікті. Көптілділік жас ұрпақты өзара байланысты әлемде оқыту құралы ретінде қарастырылады. Көптілді білім беру мақсаты – әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны қалыптастыру, әр оқушының жеке қабілеттерін дамытуды жүзеге асыруға жағдай жасау, әр түрлі деңгейдегі мәселелерді шешу жолдары айтылған.

Негізгі сөздер: көптілділік, білім беру, тіл, тәлім-тәрбие, экономика, көпмәдениеті тұлға.

Көп тіл білу – заман талабы. Қоғамның қазіргі заманғы жағдайында мемлекетіміздің басты мақсаты біздің ұлттық құндылықтарымызды қорғау

болып табылады. Көптеген ғалымдардың айтуы бойынша, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі тіл болып табылады. Мемлекеттік тіл – елімізді басқарудың, мемлекеттің барлық салаларында жұмыс істейтін заңдар, сот талқылауы және кеңсе жұмысының тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі, сондықтан мемлекет пен қоғамның бүкіл өмірі онсыз мүмкін емес.

Тұңғыш Президент өзінің сөзінде «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те, Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі» - деген болатын.

Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің өзгеден өресі биік, түсінігі кең болатыны белгілі. Бірақ қазақ баласы әуелі отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі М.Әуезов, Қ.Сәтпаев сияқты талай тарландырымыз қанша жерден Ресей топырағында білім алса да, сол империяның қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойған. Өйткені олардың бәрінің де тілі қазақша шыққан, бірі ауыл молдасынан хат таныса, енді бірі ана тілінде мұғалімдерден тіл сындырған. [1, 38 - 39 б.]

Қазіргі таңда ақпараттық ғасырдың біртұтас нарығында көптілді қарым-қатынас дағдыларының маңыздылығы айтарлықтай артты. Осыған байланысты біздің елімізде жоғары оқу орындары мен мектептерде «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы жүзеге асырылуда. Мәселен, 2018-2019 оқу жылынан алтыншы сынып оқушылары, мектепте оқытудың негізгі тіліне қарамастан, олар Қазақстан тарихын қазақ тілінде, дүние жүзі тарихын - орыс тілінде, орта мектептің оқушылары информатика, физика, химия және биология бойынша ағылшын тілдерінде оқиды. 5-сыныптан бастап оқушылар осы ғылымдардың нақты терминдерімен таныса бастайды. Үш тілді оқытуға толық көшуді 2023 жылға қарай аяқтау жоспарлануда. Үштілділік жөніндегі сөзді Н.Назарбаев: “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы: “мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып

үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет” – деп ерекше атап көрсеткен. [2, 5 б.]

Өз кезегінде, көптілді білім беру – бұл тілдік білім мен іскерлікте, тілдік және сөйлеу қызметінде, сондай-ақ тіл мен мәдениетке эмоциялық-құндылық қатынаста көрініс тапқан адамзаттың әлеуметтік маңызы бар тәжірибесінің "фрагменті" ретінде бірнеше тілді бір мезгілде меңгеру негізінде көптілді тұлға ретінде индивидті оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың мақсатты, ұйымдастырылатын, нормаланатын үш тұғырлы процесі.

Көптілді білім беру бағдарламасы лингвистикалық мәдениетке ие, ол жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті ұрпақтың қалыптасуына үлес қосатын жаңа білім беру моделін құруды көздейді. Қазақ, ағылшын және орыс тілдерін меңгеру жастарға әлемдік нарыққа, ғылымға және жаңа технологияларға жол ашады, әлемдік мәдениеттерге негізделген көзқарас қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Қазақ, орыс және шет тілдерін практика және теория жағынан толықтай меңгеру табысқа жетудің маңызды шарттарының бірі болып табылады, қоғамда әлеуметтік және кәсіби деңгейде беделді ұстанымға ие болуға мүмкіндік береді.

Мысалға алатын болсақ екі тілде білім беру немесе билингвизм тәжірибесі әлемнің әртүрлі елдерінде қалыптасқан болатын. Канада, Швейцария, Бельгия, АҚШ, Германия т.б. елдерінде шетелдік мәдениетке үйренуге мәжбүр болған топ иммигранттар ағымына арналған түрлі курстар бар. Курстада халықты жаңа мәдениетпен және зерттеп жатқан тілдің, елдің тарихымен таныстыруға басты назар аударылады. Көптеген ТМД елдерінде екі тілдік мектептерді құру тәжірибесі бар. Бұл тәжірибе балабақшадан бастап орта мектепті бітірген үздіксіз екі тілде білім беру тұжырымдамасын енгізу идеясына негізделген. [3, 129 б.]

Қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаты - жастарды болашақ қоғамдағы өмірге тәрбиелеуі тиіс негізгі құзыреттілікті қалыптастыру. Біздің елімізде жүргізіліп жатқан білім беру жүйесін жаңғырту білім беру мазмұнын жаңартып, оның белсенді, дамып келе жатқан сипатын, кәсіби нарыққа, коммуникативті құзыретті және креативті мамандарға арналған қазіргі еңбек нарығының талаптарын қамтамасыз етумен байланысты.

Осыған байланысты, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және тілдік білім беруді қоса алғанда, алдыңғы қатарлы білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасауға ерекше назар аударылады. Кез келген білім беру мекемесінің маңызды міндеттерінің бірі – жастарды әмбебап, жаһандық құндылықтармен таныстыру, студенттердің көрші мәдениеттер өкілдерімен және жаһандық кеңістікте қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін еліміздің Конституциясы қазақ тілін мемлекеттік, ал орыс тілін ресми тіл деп жариялады. Құжаттың негізгі мақсаты – этносаралық тұтастықты сақтау және қоғамның тілдік ортасының дисфункциясына жол бермеу. Сондықтан орыс тіліне достық,

бейбітшілік және ұлтаралық қатынас тілі мәртебесі берілді. Жаһандану жағдайында ағылшын тілін білуге деген сұраныс даусыз. Қазіргі уақытта ағылшын тілі мектепке дейінгі мекемелерде оқытылуда; ағылшын тілін білу үздіксіз білім беруде де маңызды. Жас ұрпақ елді болашаққа жетелейді. Білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті маман ретінде жас адамды қалыптастыруға ықпал ететін негізгі әлеуметтік институт болып табылады. Осылайша, оқу орындары сандық және сапалық қатынаста "Тілдердің үштұғырлығы" саясатын жүзеге асыруға жауапты негізгі органдар болып табылады. Көптілді оқытуды енгізу үшін ең алдымен көптілді білім беруде халықаралық тәжірибені зерделеу сияқты бірқатар мәселелерді шешу қажет; қызметкерлерді оқыту және олардың қол жетімділігі; материалдық ресурстардың болуы және т.б. әзірге осы мәселелердің тиісті шешімі табылмаған, жоспарланған бағдарламаны іске асыру бірқатар қиындықтар туғызады.

Көп тілді оқыту үдерісі мәселелері күрделі және жан-жақты. Ең өзекті, рухани және тарихи маңызы бар мәселе мемлекеттің бүкіл аумағында және барлық қоғамдық қатынастарда қазақ тілін пайдалануға жәрдемдесу болып табылады. Бұл жас ұрпақты тәрбиелеу үшін де маңызды. Үкімет азаматтардың қазақ тілін пайдалануы мен үйренуін кеңейту үшін материалдық-техникалық жағдайларды тегін ұсынады. Жыл сайын мемлекеттік тіл саясатына қаражат артып келеді. Қазақстанның әр қаласында "тілді дамыту" орталықтары бар. Бұл орталықтарда ересектерге арналған қазақ тілін оқыту тегін негізде жүзеге асырылады, ал оқушылар қажетті оқулықтармен және техникалық ресурстармен қамтамасыз етілген.

Қазақстандық ғалымдардың үш тілді саясат туралы пікірін екі бөлікке бөлуге болады:

- Балалар үш тілді үйренуі керек. Бірақ 13 жасқа дейін олар тек қазақ тілін үйренуі тиіс. Содан кейін олар басқа тілдерді оқи алады.

- Балалар ерте жастан тілдерді тез үйренеді, сондықтан оларды балабақшадан бастап үш тілге үйрету керек.

Осы көзқарастың болуы үшін бірнеше себептер бар. Еліміздің қала тұрғындарының көптеген отбасыларында орыс тілі ғана қолданылады немесе қазақ-орыс билингвизмі орнатылған. Болашақта мұндай тәжірибені болдырмау үшін қазақ интеллигенциясы қазақ тілінің үш тілді мемлекеттік саясаттағы рөлі туралы мәселені көтеруде. 2006 жылы жүргізілген социоллингвист Е.Д. Сүлейменованың сауалнамасының деректері бойынша, қазақ тілі олардың негізгі тілі болып табылатынын айтқан респонденттердің үлесі 92,4% - ды құрады; 4% жауап беруге қиналды; олардың 1,2% - ы екі тілді болды, олар қазақ, орыс тілдерін де ана тілінде деп санады. Қорытындылай келе, көптілділік жаһанданған әлемнің қажеттілігі болып табылады деп мәлімдейміз. Біз тілдердің үштұғырлығын біздің тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық маңызы бар құбылыс ретінде бағалаймыз. Қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін

білу маңызды деп есептейміз. Сондай-ақ, тіл саясатында мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің рөлі ерекше маңызды екенін атап өткен жөн.

Көптілді білім беру отандық білім берудегі инновациялардың бірі ретінде көптеген әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді атқарады, олардың өзегі қазақстандық қоғамды шоғырландыру идеясы болып табылады. Көптілді білім берудің шоғырландырушы функциялары:

- көптілді білім берудің басты мақсаты ұлттық мектеп түлектерін жаңа Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және экономикалық кеңістігіне интеграциялаудан тұрады, бұл тұлғаның толыққанды әлеуметтенуін қамтамасыз етеді;

- көптілді білім беретін мектептің әрбір түлегі өзін қоғамның толыққанды және толық құқылы мүшесі ретінде сезінеді, өйткені ол үшін тұлғалық және кәсіби өсу жолындағы басты кедергілер болып табылатын тілдік, коммуникативтік кедергілер жоқ;

- көптілділік мемлекеттік тілді терең меңгеруге, қазақстандық қоғамды топтастырудың басты факторына ықпал етеді, оны білу қазақстандық патриотизмнің басты критерийлерінің бірі болып табылады. Қазақ тілін тереңдетіп білу оқушыларды мемлекет құрушы қазақ халқының тарихына, салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне баулиды; – ұлттық мектепте көптілді білім беру оқушылардың ана, мемлекеттік яғни орыс тілдерінде оқу мазмұнын меңгеруіне ықпал етеді. Бұл арқылы тек этномәдени ортаға ықпалдасуға ғана емес, сонымен қатар бітірушінің білімін жалғастыру, мамандығын игеру, еңбек қызметін жалғастыру үшін де жақсы мүмкіндіктер жасалады;

- көптілді білім беру мәдениетаралық коммуникацияның мүмкіндігі мен тартымдылығын кеңейтетін тілдік және коммуникативті орта құрады. Оқушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытатын мектептердің құрдастарымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі бар. Осыдан балалар арасындағы достық пен өзара келісім сезімі қалыптасады, олар одан әрі де жалғасуы мүмкін олардың өмір бойы болуы мүмкін. Әр түрлі этностардың балаларының қарым-қатынасы, олардың бірлескен әлеуметтік маңызы, қоғамдық пайдалы қызметі – бірлік, азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың кілті,

- көптілді білім беру қазақстандық этностардың өзіндік мәдениетін сақтап, дамытады. Балаларға өз халқының мәдениетіне, ол арқылы жалпы қазақстандық мәдениетке араласу мүмкіндігі беріледі. Ана тіліне, мәдениетке деген махаббат жалпыұлттық мәдениетті, яғни біздің ортақ үйіміз.

- Қазақстан Республикасының мәдениетін құрметтеуге айналады.

Жалпы, оқушы алғаш мектепке аяқ басқанда өзінің өмірлік жинайтын білімінің біразын игеріп үлгереді екен. Ал қалған өмірінде осы ұққан дүниелерін жетілдіріп, әрі қарайқорытуға жұмсайды екен. Демек біз осы аралықты ең маңызды кезең деп алып, үштілділікті ұғындыруда тиімді қолдануға мүмкіндік аламыз. Осы кезге дейінгі педагогтер мен психологтардың, білім саласындағы ғалымдардың тұжырымдарын жүйелей отырып үштілділікті түсіндіруді мынадай үш бөлікке жіктеуге болады:

- ❖ Отбасы институты(жалпы)
- ❖ Ерте жастан оқыту, дамыту орталықтары (арнайы)
- ❖ Жеке даму, өз бетімен тілді үйрену(негізгі)

Ең маңыздысы отбасы институты болмақ. Бала енді жетіліп, өмірге деген, айнала қоршаған ортасына деген пікірінің қалыптасуында ата-ана шешуші рөл атқаратыны белгілі. Ақиқат пен жалғандықтың алғашқы ажыратушысы да осы институт. Үштілділікті дамытуда балаға жігер беретін, қажеттілігін сезіндіретін отбасы болмақ.

Ерте жастан дамыту орталықтары коммерциялық орын болғандықтан тілді үйреуді түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып өз ісінің мамандары жүргізеді. Бұл өз кезегінде сапалық көрсеткіштерді анықтайды. Баланың мұндағы алар білімі отбасына қарағанда кәсіби дағдыға, кәсіби біліктілікке икемделе түседі. Мұндағы білім алу мен тіл үйрену екі еселенген түрде жүреді. Өз бетінше даму мен үйрену баланың білім жолындағы алғашқы, әрі ең негізгі белесі. Мектеп алды даярлық топтарындағы тілді үйрету негізгі білім орташа кәсіби біліктілікке негізделеді. Мұндай топтардың көпшілігі дерлік мемлекеттік мекеме статусында болғандықтан балаға тілді үйретуде және жалпы білім ментаным түйсіктерін қалыптастыруда ерте жастан дамыту орталықтарына қарағанда жұмсақтық кестені пайдаланса, отбасындағы тәрбиеден күрделірек форманы қолданады. Яғни, отбасы институты мен арнайы даярлық орындарының арасындағы аумақты қамтумен ерекшеленеді. Өз бетінше дамуға бет алған баланың тілді үйрену қарқыны өзгелерден анағұрлым өнімді болмақ. [4, 140-143б]

Үштілділікті үйрету барысында негізгі жауапкершіліктер жүктелетін жақтар:

1. Басқарушы – жаңа әдістер мен инновациялар енгізуде өзін ең жауапты сезінуі тиіс.

2. Мұғалім – оқушыға үйретуде шынайы ынта мен жігерін сарқа пайдалану, жан дүниесімен беріле түсіндіре жүріп нағыз кәсіби маман ретінде көрсете білуі керек.

3. Ата – анасы балаға мұның маңыздылығы мен қажеттілігін ұғындыра білуі тиіс және отбасында жағдай жасалуы керек. Осы үш жауапкершіліктің қайсысы болмасын маңыздылығы жоғары. Бірақ ең ерекшесі және аса көп жүкті арқалайтыны педагог болмақ. Оның жанкештілігінің арқасында баланың білім жолындағы қадамында түбегейлі бетбұрыс болуы әбден мүмкін. Себебі мектеп жасына дейінгі бала енді ғана көктеп шығып келе жатқан талшыбық деп есептесек, мұндағы бағбан мұғалім. [5, 336 б.] [6, 73 б.]

Көптілділік – көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі. Көптілді деп сөйлеуші, түсінуші және түрлі жағдайда шет тілдерін қолдана білетін адамды атауға болады. Шет тілін оқыту әлі білім алғандығын білдірмейді. Көптілді білім беру туралы оқытылатын шетел тілінде басқа оқу пәндері, мысалы, Оқытылатын тіл әдебиеті, Елтану және т. б. оқытылған жағдайда айтуға болады. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.А.

Жетпісбаева көптілді білім беруді үш және одан да көп тілді қатар меңгеру негізінде көптілді тұлғаны қалыптастырудың мақсатты ұйымдастырылған үрдісі ретінде түсінеді [7, 343].

Көпмәдениетті және жан-жақты үйлесімді тұлғаны дамыту Қазақстан Республикасы Білім берудің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Қазақстандағы заманауи білім беру жағдайы мәдениетті сипаттаудың түбегейлі жаңа үлгілерін ғана емес, сонымен қатар білім беру тәжірибесіне инновациялық парадигмаларды енгізуді талап етеді. Қазіргі қоғам жастарға шетел тілдерін меңгеруде жоғары талаптар қояды. Және осыған байланысты мемлекетіміз барлық жағдай жасауға тырысуда. Өйткені, мемлекетіміздің болашағы дәл осы жастардың қолында. Көптілділік біздің мемлекетімізді алыдыңғы дамыған елдер қатырында көрсететін бірден-бір жол. Бірнеше тіл меңгерген жастар болашақта елімізге түрлі жаңашылдық пен елді дамытатын оң жаңалықтар алып келеді. Сол кезде Қазақстанның бәсекеде қабілеттілігі елеулі нығаяды. Осыған байланысты, көпмәдениетті білім беру мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1 Садықова А.Н. «Көп тілді білім беру: мәселелері мен болашағы». 12 жылдық білім. ғылыми әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал, №3 2008ж. 13 б.

2 Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

3 Солнцева-Накова Е. Об основных тенденциях и перспективах развития двуязычного образования. Образование и наука №9 (98), 2012 г. С. 129 .

4 Кинжекова Р.С., Тукешова А.М «Мектеп жасына дейінгі балалардың үштұғырлы тілін дамытудың педагогикалық негізі, Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы №3 (46), 2017ж. 140 б.

5 Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы. – Астана Фолиант, 2008. - 336 б.

6 Баймуратова Б.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. - А, 1991ж. 73 б.

7 Жетпісбаева Б.А. Көптілді білім беру: теория және әдіснама. - Жоғары Мектеп, 2008. – 343 б.

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема полиязычного образования современного Казахстана в условиях глобализации мира. Казахстан потребовал внедрения полиязычия на своей территории в связи с вступлением в мировое культурное пространство. Однако проблема внедрения полиязычного образования вызвала много трудностей. Полиязычие помогает решать главную проблему современного мира-

гармония и взаимопонимание между людьми. Полиязычие рассматривается как средство обучения молодого поколения в взаимосвязанном мире. Цель полиязычного образования-формирование полиязычной личности, конкурентоспособной в условиях мирового сообщества, создание условий для реализации индивидуальных способностей каждого учащегося, решение проблем различного уровня.

Ключевые слова: полиязычие, образование, язык, воспитание, экономика, поликультурная личность.

Abstract

This article deals with the problem of multilingual education of modern Kazakhstan in the globalized world. Kazakhstan demanded the introduction of multilingualism on its territory in connection with the entry into the world cultural space. However, the problem of the introduction of multilingual education has caused many difficulties. Multilingualism helps to solve the main problem of the modern world-harmony and mutual understanding between people. Multilingualism is seen as a means of teaching the younger generation in an interconnected world. The purpose of multilingual education-the formation of a multilingual personality, competitive in the world community, creating conditions for the implementation of individual abilities of each student, solving problems of different levels.

Key words: multilingualism, education, language, education, economy, multicultural personality.

FTAMP 14.07.07

Н.Ж.Құлмұрза

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: nurshat_92_92_@mail.ru

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Аңдатпа

Ұсынылған зерттеу жұмысында ағылшын тілін үйрету барысында топтық жұмысты жүргізудің дағдыларын тиімді әдіс-тәсілдермен дамытып оқыту ұсынылған. Шет тілін оқытудың маңызы және оның ерекшеліктеріне, тіл дамыту жұмыстарын тиімді жүргізудің әдістеріне тоқталғанмын. Тілді, оның ішінде оқушылардың шет тілін оқыту барысында топтық жұмыс жүргізу технологиясына түсіндірме беріледі.